

Көшеге ат қою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігі Талапты ауылы округі әкімінің 2010 жылғы 12 қаңтардағы N 1 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 ақпанда N 14-9-99 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына және ауыл тұрғындарының 2010 жылғы 6 қаңтардағы жалпы жиналысының хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Көкмардан ауылындағы аты жоқ көшеге соғыс және еңбек ардагері Ділдәбек Жезмырзаев атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің бас маман іс басқарушысы А.Раткуловқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

А.Бейсенбиев